

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 354 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 ақпандағы № 57 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 354 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 28, 231-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарында:

"Қаражатты екінші деңгейдегі банктерге шартты түрде орналастырудың шарттары мен тетіктері" деген 3-бөлімде:

он бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Соңғы қарыз алушылардың осы Жоспарға 1-1-қосымша мен техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті орган бекіткен экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің С секциясы (Өңдеу өнеркәсібі) 11-бөлімінің (Сусындар өндірісі) 11.06. және 11.07-сыныбына сәйкес келетін тамақ өнеркәсібі саласында іске асырылатын жаңа жобаларын қаржыландыру мақсатына ЕДБ бағыттайтын қарыздардың үлесі - кредит сомасының кемінде 25 %-ы.";

"Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру шарттары" деген төртінші бөлімде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Нысаналы топ - оларға кредит беру осы Жоспарға 1-1-қосымшаға сәйкес тамақ өнеркәсібінің қаржыландыруға арналған салаларының тізбесіне (бұдан әрі - тізбе) сәйкес жүзеге асырылатын тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаларды қоспағанда, осы Жоспарға 1-қосымшаға сәйкес жобаларды өңдеу өнеркәсібінде іске асыратын және (немесе) іске асыруды жоспарлап отырған ШОК субъектілері. Бұл ретте, тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаның нысаналы мақсатын растау үшін Экономикалық

қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) нақты кодына байланыстырылған тізбеден кемінде бір тауар түрін шығару жеткілікті. Көрсетілетін қызметтер саласы үшін ЭҚЖЖ кодтарына жатқызу сәйкестік өлшемшарты болып табылады.";

он алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Лимиті жоқ тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаларды қоспағанда, бір ШОК субъектісіне арналған қаржыландыру лимиті - 1850000000 (бір миллиард сегіз жүз елу миллион) теңге;"

мынадай мазмұндағы он тоғызыншы және жиырмамыншы абзацтармен толықтырылсын:

"Тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаларға 500000000 (бес жүз миллион) теңгеден жоғары сомаға кредит берілген жағдайда, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) оң қорытындысы қажет. Ол үшін "Даму" КДҚ" АҚ уәкілетті органға сұрау салу және мынадай ақпаратты жібереді: жоба бойынша қысқаша ақпарат, жобаның қуаты, өндірілетін өнім, жобаны іске асырылатын жер (облыс, аудан, елді мекен), шикізат базасының болуы, әлеуетті өткізу нарықтары.

Уәкілетті орган сұрау салуды алған күннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жобаны қаржыландырудың салалық орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытынды береді.";

1-қосымшада:

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын қаржыландыру үшін өңдеу өнеркәсібі салаларының тізбесінде:

мына:

"

Тамақ өнімдерінің өндірісі	10
----------------------------	----

"

деген жол алып тасталсын;

осы қаулыға қосымшаға сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 12 қаңтардағы
№ 57 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Қазақстан
Республикасы Ұлттық

Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі
шағын және орта кәсіпкерлік
жобаларын қаржыландыруды
қамтамасыз ету жөніндегі
бірлескен іс-қимыл жоспарына 1-1
қосымша

Қаржыландырылатын тамақ өнеркәсібі салаларының тізбесі

р/с № атауы	Тауарлар тобының атауы	№	Ә Қ Ж Ж атауы	ӘҚЖЖ коды	Шығарылатын өнімдер мен тауарлардың тізбесі
1	2	3	4	5	6
Т А М А Қ			Ө Н І М Д Е Р І Н		Ө Н Д І Р У
(Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 10-бөлімі)					
1	Ет және құс еті өнімдері	1	Ет өңдеу және консервілеу	1011	Ұшадағы/шағын ұшаға немесе бөліктерге бөлінген жас немесе мұздатылған етті өндіру, сондай-ақ үй құсы етінің м а й ы н ш ы ж ғ ы р у .
		2	Үй құсының етін өңдеу және консервілеу	1012	Кесілген қауырсын мен мамық өндіру. Мал соятын жерлерде тері және былғары өңдеу. Шошқа майын және басқа да жануарлардан алынатын жеуге болатын майларды шығару. Жануарлардың ішек-қарнын өңдеу. Жұлынған жүнді өндіру.
		3	Ет өнімдерін және үй құсының етінен жасалған өнімдерді өндіру	1013	Кептірілген, тұздалған немесе ысталған ет өндіру. Ет өнімдерін өндіру: шұжықтар, саями, қанқызыл шұжық, құрғақ шұжық, сервелат, болон ысталған шұжығы, бас, орама, пісірілген ветчина.
2	Балықтан жасалған өнімдер	4	Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өңдеу және консервілеу	1020	Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды дайындау және сақтау: тоңазыту, терең тоңазыту, кептіру, өңдеу, ыстау, тұздау, консервілеу және т.б. Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өндіру: балықтың сүбе еті, уылдырық, жасанды уылдырық және т . б . ө н д і р у . Адамдардың тамаққа пайдалануы үшін немесе жануарлар азығы үшін балық өнімдерін өндіру. Балықтан және адамдардың тамаққа пайдалануына жарамсыз жануарлардың судағы түрлерінен ұн және еритін заттарды өндіру. Теңіз балдырларын қайта өңдеу.
3	Сүт өнімдерін өндіру	5	Сүтті өңдеу және сырды өндіру	1051	Жас табиғи сүтті, пастерленген сүтті, зарарсыздандырылған сүтті, гомогенделген сүтті және/немесе ультра тазартылған сүтті өндіру. Сүт негізіндегі сусындарды өндіру. Жаңа қаймағы алынбаған, пастерленген, зарарсыздандырылған және гомогенизирленген сүттен к і л е г е й ө н д і р у . Тәттілендірілген немесе тәттілендірілмеген құрғақ немесе концентратталмаған сүтті өндіру.

				Сары май, йогурт, сыр және ірімшік, мэйек, казеин немесе лактоза өндіру.	
		6	Балмұздақ өндіру	1052	Балмұздақ өндіру.
4	Өсімдік және мал майы мен тоң майын өндіру	7	Май және тоң май өндіру	1041	Зәйтүн, соя, пальма, күнбағыс, мақта, рапс, қыша, зығыр және т.б. майын өндіру. Майлы дақылдар дәндерінен, жаңғақтардан немесе дәндерден және ортасындағы дәннен майсыздандырылған ұнды немесе ұншаны өндіру.
		8	Маргарин және оған ұқсас тағамдық майларды өндіру	1042	Маргаринді өндіру. Тамақ дайындау үшін аралас майларды өндіру.
5	Қант және қанттан жасалған өнімдер	9	Қант өндіру	1081	Қантты (сахарозаны) және қант қамысы, қызылша, үйеңкі және пальма шырынынан құрамында қант бар заттарды өндіру немесе тазарту. Қант сиробын өндіру. Қара сірне өндіру. Үйеңкі сиробын және қант өндіру.
6	Балалар тағамы	10	Балалар тағамын және емдәмдік тамақ өнімдерін өндіру	1086	Ерекше диеталар үшін пайдаланылатын тамақ өнімдерін: балалар тамағын, қосымша сүт және басқа да тамақ өнімдерін, кіші жастағы балаларға арналған тамақ өнімдерін, салмақты қадағалауға арналған калориясы аз және калориясы жоғары өнімдерді.
7	Астықты терең өңдеу өнімдері	11	Крахмал және крахмал өнімдерін өндіру	1062	Күріштен, картоптан, жүгеріден, бидайдан крахмал өндіру. Шикі жүгеріні ұсақтау. Глюкоза, қант шәрбатын, мальтоза, инулин өндіру. Балауыз өндіру. Тапиока мен крахмалі қоспаларын өндіру. Жүгері майын өндіру.
8	Ұн тарту өнеркәсібі өнімдерін крахмалдар мен крахмал өнімдерін өндіру	12	Ұн-жарма өнеркәсібінің өнімдерін өндіру	1061	Ұн қоспаларын және нанға, тортқа, бәлішке, пирогтар мен бисквиттерге, печеньеелерге немесе құймақтарға арналған ұн қоспаларын, дайын ұн қоспалары мен қамырларын өндіру. Ұнды, жарманы, ұншаларды немесе бидай қауыздарын, қара бидай, сұлы, жүгері немесе басқа да дән қауыздарын өндіру
			Макарон өнімдерін өндіру	1073	Макарон өнімдері.
		13	Дайын тағам өнімдерін өндіру	1085	Ет тағамдарын, соның ішінде үй құсынан жасалған тағамдарды өндіру. Балықтың тартылған етін қоса, балық тағамдарын өндіру. Көкөністерден тағамдар дайындау. Тоңазытылған пиццаны немесе өзге тәсілмен сақтау үшін дайындалған пиццаны өндіру.
					Жемістерді, жаңғақтарды немесе көкөністерді сақтау: тоңазыту, кептіру, май ішінде немесе сірке суында сіңіру,

9	Дайын тамақ өнімдері	14	Жемістер мен көкөністерді өңдеу және сақтаудың өзге де түрлері	1039	консервілеу және т.б. Жемістер мен көкөністерден тамақ өнімдерін өндіру. Джем, мармелад және асханалық желе өндіру. Жаңғақтардан қоймалжың және басқа тамақ өнімдерін өндіру.
		15	Картопты өңдеу және консервілеу	1031	Өңделген тоңазытылған картопты өндіру, құрғақ картоп пюресін өндіру, картоптардан жеңіл тамақтарды өндіру, картоп чипстерін өндіру, картоп ұнын және ұншаларын өндіру.
		16	Басқа санаттарға енгізілмеген басқа тамақ өнімдерін өндіру	1089	Жұмыртқа өнімдерін, жұмыртқа альбуминін өндіру. Ашытқылар өндіру.
10	Сусындар өндіру	17	Жеміс және көкөніс шырындарын өндіру	1032	Жемістерден немесе көкөністерден шырындарды өндіру.
11	Жануарларға арналған дайын азықтар өндіру	18	Үй жануарлары үшін дайын тамақ өнімдерін өндіру		Жануарларға арналған концентратталған азықты және азықтық қоспаларды қоса, фермалардағы жануарларға арналған дайын азықтар өндіру. Иттерді, мысықтарды, құстарды, балықтарды және т.б. қоса, үй жануарлары үшін дайын азықтар өндіру.
		19	Фермалардағы жануарлар үшін дайын азықтар өндіру		